

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран
3-бет



Ауыл мектептерінің ахуалы нешік?
4-бет



Үміт сәулесі
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБИ, 7 ЖЕЛТОҚСАН, 2024 ЖЫЛ. №138 (23 460)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

Қарағанды қауіпсіз қалаға айналады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен қала әкімі Мейрам Кожухов тұрғындармен мазмұнды кездесу өткізді. Бұдан бұрын хабарлағанымыздай 6 сағатқа созылған жүздесуде жұртшылық сауалына жауабын толық алғандай.

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тегін Wi-Fi: Жаңа заманға қадам

Облыс орталығында бұқара жұртшылыққа қолайлы орта қалыптастыру жұмысы қарқын алып келеді. Қала әкімдігінің шаһар халқының ұсыныстарын тыңдап, жобаларын тиімді іске асыруы – көшесінен көсегесіне дейін көркеюіне деген нақты қадам. Әкімдік тарапының қысқы демалысты ұйымдастыру бағытындағы бастамалары да көңілге қуаныш ұялатады. Қыстығүні саябақтар мен алаңдарда сан түрлі шаралар өтуі, мұз айдындары мен сырғанақ алаңдарының пайда болуы – әркімнің болсын бос уақытын пайдалы әрі көңілді өткізуге соны мүмкіндік бермек. Бұл баянды бастамалар тек инфрақұрылым саласын жақсартып қана қоймай, қоғамдағы ынтымақтастық пен қуаныш сезімін нығайтады.

Саябақтардағы тегін Wi-Fi орнату да цифрландыруға бет алған қаланың заманауи талабына сәйкес келетін маңызды шешім. Бұл амал қаланың барлық тұрғыны үшін урбанистика мен технологияның үйлесімін айғақтайтындай. Әрбір жаңа бастама мен ілгерілеушілік – тек инфрақұрылымдық өзгеріс емес, елге деген қамқорлықтың көрінісі. Қарағандыны жайлы әрі заманауи қалаға айналдыру – уақыт талабы. Осы мақсаттағы жүйелі жұмыстар қаланы жаңа белестерге шығарады.

– Біздің мақсатымыз – Қарағандыны жаяу серуендеуге мейлінше ыңғай-



лы ету. Бұл ретте өз ұсыныстарын алға тартып, өміршең жобаларын әзірлеп жатқан урбанистер көмектесіп жатады. Мәселен, биыл жеті алаң абаттандырылды. Оңтүстік-Шығыстағы «Сарыарқа» гүлзарын абаттандыру бойынша ірі жобаға ерекше назар аударамыз. Жұмыс әлі

аяқталған жоқ, келесі жылы бұл алаң қала тұрғындары үшін жаңа бір демалыс нүктесі болуы керек, – деді аймақ басшысы.

Ермағанбет Бөлекпаев қала әкімдігіне барлық аудандардың скверлері мен саябақтарында қысқы демалыс ұйымдастыруды тапсырды. Егер ауа райы рұқсат

еткен болса, жеті мұз айдыны құйылады. Сарыарқа көшесіндегі саябақта мұз айдындары мен сырғанақ алаңдары пайда болмақ.

➤ 2-бет

• «ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

Бұқара белсенді

Теміртау қаласында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының танымалдылығы күн санап артып келеді. Бұл шара тұрғындарға қалалық ортаны жаңғырту, аулалар мен гүлзарларды абаттандыру, балалар мен спорт алаңдарын салу бойынша өз жобаларын ұсынуға мүмкіндік береді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, биыл қараусыз қалған бос жерде заманауи гүлзар жабдықталған. Тұрғындар сол маңда балалармен бірге серуендеп, спортпен шұғылдануға мүмкіндік алып отыр. Осындай оң нәтижелер теміртаулықтардың бағдарламаға деген қызығушылығын күшейткен.

Қала өміріне немқұрайлы қарамайтын тұрғындар белсенділік танытып, жиырмаға жуық жоба ұсынған. Елдің онлайн дауыс беруі арқылы 13 жұмыс іріктеліп, оларды сараптамалық кеңес мақұлдады. Келесі жылы бұл ұсыныстар жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылмақ.

Мақұлданған жобалардың көпшілігі аулаларды абаттандыруға қатысты. Сонымен қатар, жаңадан спорт және ойын алаңдары бой көтереді.

Осылайша қала тұрғындары өз өмірінің жақсаруына өзі тікелей әсер ете алады. Олардың бастамалары жергілікті қазынадан қаржы бөлінер кезінде ескеріледі.

Бәрі ашық. Жобалармен қалалық әкімдіктің сайтындағы «Халық қатысатын бюджет» бөлімінде танысуға мүмкіндік бар.

«Қарағанды-Балқаш»: күрежол ашылды

Құрылысы 2019 жылы басталған «Қарағанды-Балқаш» тасжолының төрт жолағы толығымен ашылды. Жолды тапсыру салтанатына облыс әкімінің бірінші орынбасары Азамат Тайжанов, «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Дархан Иманашев, Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаев, Балқаш қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұманов және жол салушы мердігерлер қатысты.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы болып сөз алған «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Басқармасының төрағасы Дархан Иманашев «Қарағанды-Балқаш» күре жолының төрт жолағы толығымен ашылғандығын мәлімдеді.

– Қарағанды қаласынан Балқаш қаласына дейінгі аралықта жаңа асфальт төселіп, төрт жолақты жол толығымен ашылды. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тосқауыл

қоршауы орнатылды. Автожолға 400 мың тонна асфальт төселді. «Қарағанды-Балқаш» күре жолының жалпы ұзындығы – 363 шақырым. Күре жол I санатқа ие және төрт жолақтан тұрады. Қайта құру жұмыстары аясында 11 көпір, ауыл шаруашылығы техникасы өтетін 32 жол өткелі, көлік айрығы және теміржол өткелінің құрылысы толығымен аяқталды. Жалпы, «Орталық-Оңтүстік» дәлізіне жататын республикалық маңызы бар «Астана-Алматы» күре жолының ұзындығы – 946 шақырым. 4 жолақты сапалы жол-

дың ашылуы жол апатының орын алуын тоқтатады. Келесі жылдан бастап, ақылы жол жүйесі іске қосылады, – деді Дархан Иманашев.

Сонымен қатар, Дархан Серікұлы 288 шақырымды алып жатқан 4 жолақты «Балқаш-Буырылбайтал» жолы 10 күн ішінде ашылғандығын жеткізді. Сондай-ақ, Үкімет елдегі 5 мың шақырым автожолды жаңғыртуға Қазақстанның даму банкінен 1 млрд долларға жуық несиелендірілген қаржы «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ-ға тиісті келісім шеңберінде бөлінетіндігін атады. Бұл шараларды

Сурет автордан



Президент тапсырмасын орындай отырып...

2024-2027 жылдар аралығында іске асыру жоспарланып отырған көрінеді.

– Бұл жол біздің Қарағанды үшін емес, барлық елімізге маңызды жол деп айтуға болады. Көптен күткен «Қарағанды-Балқаш» арасындағы жол торабы пайдалануға беріліп отыр. Жолдың жақсаруы еліміздің экономикасының одан әрі өсуіне үлесін қосады. Осы жыл облыс бойынша 1032 шақырым жол жөндеуден өтті. Осы жолдардың барлығы елдің игілігіне тапсырылды. Осы орайда «Қарағанды-Балқаш» жол торабына үлкен үлесін қосқан «ҚазАвтоЖол» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Дархан Серікұлы бастаған ұжымға, мердігер компанияға алғыс білдіремін, – деді Азамат Тайжанов.

Сонымен қатар, Балқаш қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұманов ақ батасын беріп, біржақты жүру жолының белгісін салтанатты түрде ашты. Енді, осы тұстан өтетін қалаға кірмейтін көліктер, сондай-ақ, жүк көліктері Балқаш қаласының бағдаршамдарында кідірмей, айналып өтетін болады.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТИНЕ

Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН (АУЫЛ) (теңге)	
	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 552.19

•USD/KZT 524.65

•RUB/KZT 5.14

•CNY/KZT 72.23

Қазақстан Ұлттық Банкінің 6 желтоқсан, 2024 жылғы дерегі бойынша



Қарағанды қауіпсіз қалаға айналады

(Соңы. Басы 1-бетте).

Жолымыз тегіс болады

Келелі кездесу барысында Оңтүстік-Шығыс пен Майқұдық аудандарының инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару қажеттілігі ескерілген еді. Әкімдер келесі жылы осы аудандарды дамыту жылы деп жариялауды да ұсынды. Ал, Оңтүстік-Шығыс пен «Көгілдір тоғандар» аялдамасына дейінгі аралықты спорт кластері үшін 72 гектар жер бөлініп, жабық стадион, мұз аренасы, бассейн және спорт залдар салу жоспарланғаны да мәлім болған. Майқұдықта заманауи оқушылар сарайы салынады деген ақжолтай ақпар да жұртшылықты бір серпілтіп тастады.

Жол инфрақұрылымына қатысты көптеген жұмыстар атқарылды. Биыл 100 шақырымнан астам жол жөнделіп, 309 көше көріктеніп түскен. Келесі жылы 43 учаскеде жөнделу жоспарланып, қалада қауіпсіздік пен жайлылықты арттыру мақсатында 2000-нан астам жарық бағаны тұрғызылғандығы белгілі болған. Ғарышкерлер көшесіндегі автожолды жаңарту жалғасын табуда. Бұқар жырау даңғылынан Камск көшесіне дейін асфальтбетонның жоғарғы қабатын төсеу жұмыстары толығымен аяқталған-ды. Манайшала жарықтандыру тіректері, гранит шекарасы орнатылды. Ал, Гогольден Штурман көшесіне дейін қос қабат асфальт төселді. Өткелді кеңейту үшін «Гоголь-Ғарышкерлер» қиылысы қайта құрылды. Ірі жобалар қатарында С.Мұқанов көшесінде автомобиль жолдарын салу. Университет көшесінде А.Гапеев пен Сарыарқа көшелеріне шығатын жолға дейін жөнделуі жалғастырылуы, сондай-ақ, «Күңгей 1, 2, 3» шағын аудандарында магистральдық автожолдарын салу қарастырылған.

— Орташа жөнделу жұмыстары 94 шақырымға жүргізілді. Санамаласак, барлығы 309 қала көшесі. 210 автожол және әлеуметтік нысандарға кірме жолдардың жағдайы жақсартылды, — деді Қарағанды әкімі Мейрам Кожухов. — Пичугин, Новоселов және Четская көшелеріндегі жолдарды күрделі жөнделу жұмыстары жалғасын табуда. Сондай-ақ, К.Дүйсембеков, Е.Бөкетов көшелеріндегі автожолды жалғастыру жұмыстары басталды. Негізгі жұмыстар 2025 жылы аяқталуы керек.

Сонымен, келесі жылы автожолдардың 43 учаскесіне орташа жөнделу жүргізу жоспары бар. Орамшілік жолдар мен кірме жолдарды жөнделу бойынша жобалар да маңызды. Биыл 100 мың шаршы метрден астам жол жөнделді. Тұрғындар өтініштері негізінде 27 мың шаршы метрден астам жаяу жүргіншілер тротуарлары төселді.

Су мен газ

Қала әкімдігі ауыз су және газбен қамтамасыз ету мәселелерін жыл санап шегінен сепілетіп шешіп келеді. Газдандыру бағдарламасы да әр азаматтың тұрмысын жеңілдетуге бағытталған. Бұл бастама экологиялық таза және үнемді энергия көздеріне көшу үрдісін жылдамдатып қана қоймай, халықтың әл-ауқатын едәуір арттыруға ықпал етеді. Бұл кешенді жұмыстар тек Қарағандының ғана емес, біртұтас өңірдің дамуына кең серпін береді.

Қарағандыдан Төрқұлов пен Ондасынов көшелерінде, сондай-ақ, Сахалин кентінде жаңа су құбыры желілері салынды. №6 су құбыры қайта жаңартылды. Тұрғындарды сумен жабдықтауды жақсарту үшін өзге де тың жобалар жүзеге асырылууда.

— Келесі жылы жаңа және ескі Тихоновкада, Линейная, Литвин көшелерінде, 2-ші орам ауданында су құбыры желілерінің құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз, — деді ол.

Су арнасын бұру бағытында да жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, «Мұнай базасы» деп аталып кеткен аумақтағы жеке секторда нөсер көрінісін құрылысы толығымен аяқталды. Яғни, көктемгі су тасқыны кезінде су басу қатерінің бетін қайтарды. «Қарағанды Су» инвестициялық бағдарламасы аясында Әлихан Бөкейхан ауданындағы №2 сорғы станциясы мен кәріз желілерін

қайта жаңарту амалдары жүргізілуде. 2025 жылға №19 кәріз коллекторларын және Совхозная көшесін қайта жаңартуды бастау жоспарланған. Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған жоба бар.

Мейрам Кожухов газдандыру қарқыны туралы да баяндады.

— Бүгінгі таңда 300 шақырымға жуық желі салынды. Газ тарату желілері 10 мыңға жуық жеке тұрғын үйге жеткізілді. Жеке тұлғалар үшін қосылған 4 мыңнан астам техникалық шарт берілді. 3139 үй қосылды. Оның ішінде 86 отбасы мемлекеттің көмегіне ие болды. 2025 жылға көмек алу үшін тағы 170 отбасы өтініш берді, — деді қала әкімі.

Сауалына жауабы

Қос әкімнің ресми мәлімдемелерінен соң іле-шала сұрақ-жауап сессиясына ойысқан қос тарап толғақты сауалдарына толайым жауап алды. Ермағанбет Бөлекпаевпен кезекті кездесуде Қарағанды тұрғындары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру, жолдарды жөндеу, әлеуметтік сала мәселелерін алға тартты. Үш сағат бойына жалғасқан сұхбатта, өңір басшысы қала тұрғындарының барлық өтініштерін тындап, кейін тағы екі сағатқа созылған азаматтарды жекелеген сұрақтары негізіндегі қабылдау өткізді.

Майқұдықтағы жергілікті өзін-өзі басқару өкілі №4 магистральдық су құбырындағы апатқа шағымданды. Бір жыл ішінде төрт апат болған. Қа-



дықтау тарифтерін қайта қарауға бола ма?» деп сұрады. Облыс әкімі саяжай қауымдастықтары мен бақша учаскелері туралы орталық мекеме тарапына заң қабылдауға бастама құжаты жіберілгенін хабарлады. Егер ол қа-

мектептерде де қауіптен тастүйін сақтану маңызды. Ақпараттық жоспарды да орындаймыз. Қаладағы үй қабырғаларында жасырын жарнама арналарының атаулары не өшіріп, не боялған. Егер тұрғындардың бірі болсын, жаңа күмәнді жазуларды көрген болса, ол турасында есеп беруден бас тартпаңыз да, еш тартынбаңыз. Біз пәтер иелерінің кооперативін де осы мәселеге назар аударуын сұраймыз, — деп түсіндіре кетті Ермағанбет Бөлекпаев.

Ұтырлы сөзге ұтымды жауап

Шағымдардан өзге ұтымды ұсыныстар легі де қабылданып

Фермерлер үшін дизель отыны, тыңайтқыштар, арнаулы субсидиялар барлығын айта келіп, қарағандылықтар жеке тұлғалар ретінде электр энергиясы тарифінің бағасын төмендетуге жәрдемдескені үшін билік тарапына рақметін жаудырды. Аталған негізбен су тарифін де мейлінше қарауға ұсыныс білдірді. Бұл мәселеге Ермағанбет Бөлекпаев жауапты мекемелер өкілдерімен бірлесіп, пысықтайтынына сендірді. Мұндай жағдайда өңір басшысы елімізде саяжай саласындағы заңнама қажет екенін атап өтті. Қазірдің өзінде бастама көтеріліп, әр деңгейлі мінберлерде айтылып жүргендігін баса айтты. Заң қабылдана, мұндай түйткілдер


өмір мен кәсіп туралы арнайы әңгімелесу үшін кездесулер ұйымдастыру ұсынылды. Осындай шара балаларға пайдалы дүниелерді білуге септесіп-селбесіп олар үшін риясыз қолдау болады деп, сендірді.

Кездесуге облыстық басқармалардың басшылары қатысып, өтініштердің бір бөлігі бірден қаралды. Ермағанбет Бөлекпаев жекелеген мәселелерді бақылауға алды.

Байлам

«Әкім бол, халқыңа жақын бол!» деген халық даналығы Ермағанбет Бөлекпаев пен Мейрам Кожухов өткізген кездесу барысында тағы бір мәрте шынайы көрініс тапқандай. Облыс пен

Сонымен, келесі жылы автожолдардың 43 учаскесіне орташа жөнделу жүргізу жоспары бар. Орамшілік жолдар мен кірме жолдарды жөнделу бойынша жобалар да маңызды. Биыл 100 мың шаршы метрден астам жол жөнделді. Тұрғындар өтініштері негізінде 27 мың шаршы метрден астам жаяу жүргіншілер тротуарлары төселді.



Бүгінгі таңда 300 шақырымға жуық желі салынды. Газ тарату желілері 10 мыңға жуық жеке тұрғын үйге жеткізілді. Жеке тұлғалар үшін қосылған 4 мыңнан астам техникалық шарт берілді. 3139 үй қосылды. Оның ішінде 86 отбасы мемлекеттің көмегіне ие болды. 2025 жылға көмек алу үшін тағы 170 отбасы өтініш берді.

Жол инфрақұрылымына қатысты көптеген жұмыстар атқарылды. Биыл 100 шақырымнан астам жол жөнделіп, 309 көше көріктеніп түскен. Келесі жылы 43 учаскеде жөнделу жоспарланып, қалада қауіпсіздік пен жайлылықты арттыру мақсатында 2000-нан астам жарық бағаны тұрғызылғандығы белгілі болған. Ғарышкерлер көшесіндегі автожолды жаңарту жалғасын табуда.

Ал, Н.Әбдіров даңғылы, 25 үйінің тұрғыны кіреберісіндегі лифті жұмыс істемейтінін көлденең келтірді. Көршілерімен бірге олар тұрғын үй қорын жаңғырту орталығына өтініш берген. Бірақ, қаржыландыру жоқ. «Келесі жылы өтінім мақұлданады», деп уәде берді құзыретті орган өкілдері. Бүгінгі таңда Қарағанды бойынша тұрғын үй қорын жаңғырту орталығына лифтілерді ауыстыру бойынша 15 өтініш келіп түскен.

Федоров халқы шағын көшелерде жарықтың жоқтығына наразы. Жарық тек басты — Молоков көшесінде орнатылған. Қала басшысы бұл мәселе біртіндеп шешілетінін атап өтті. Келесі жылы мектептерге іргелес көшелерді жарықтандыру да көзделген көрінеді.

Саяжай иелерінен де бірнеше сұрақтар жолданды. Олар «Бақша учаскелеріне апаратын жолдар жөнделме ме?» және «Сумен жаб-

былдана, көптеген мәселелер өз шешімін табады.

Тағы бір маңызды мәселе — есірткінің таралуына қарсы күрес. «Тыйым салынған заттарға қарсы үгіт-насихаттың ауқымы жоғары болуы керек», дейді қала тұрғындары. Ермағанбет Бөлекпаев шамамен үш апта бұрын ғана Қарағандыда синтетикалық есірткінің ірі партиясы тәркіленгенін әрі оны облыс тұрғынының өзі әзірлегендігін атады.

— Есірткіге қарсы үгіт-насихатпен бірлесіп, бірігіп айналысу маңызды екенін баса белгілеп өтеміз. Бұлдан өзге әдіспен ауқымды жұмыс нәтиже бермейді. Біз ең қажетті деген іс-шаралар қатарына қажетті қор мен тиісті қаражат бөлеміз. Бірақ, отбасында да,

жатты. Мәселен, бірінші топтағы мүгедектер мүдделерінің өкілі оларды шипажайға ертіп жүретіндерге жолдамалар сапарға дейін алдын ала төленуін ұсынды. Облыс әкімі болса, мәселені зерделеу уәде берді. Қала тұрғындары көптеген мәселелер оңды шешіліп жатқанын да атап өтіп, алғаусыз алғысын білдіріп жатты. Ендігіде билікпен тығыз қарым-қатынас орнату ниеттерін қоса жеткізді. Ермағанбет Бөлекпаев белсенді тұрғындармен жұмыс істеудің маңыздылығын атап өтіп, бір кездері жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құруға бастамашы болғанын еске салды.

«Оптимист» саяжай қоғамының өкілдері судың бағасы төмендегенін тілге тиек етті.

түбегейлі шешілмек. Өз кезегінде қала тұрғындары саяжай қоғамдары мен бау-бақша серіктестіктерін қолдау үшін арнаулы жол картасын әзірлеуді қоса ұсынды.

Саяжайға барар жол да сұрақ тұтызбай қоймайды. Осы жылдың шілдесінде жолаушы автобусы «Оптимист» саяжай қауымдастығының маңында аударылып кете жаздағаны елдің есінде. Содан кейін «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамының өкілдері учаске батпақты жерде орналасқандығын, жер төсемі көлік ағынының әсерінен деформацияға ұшырайтындығын ескеріп, қазірде мердігерді анықтау бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, 2024-2025 жылдары мәселе шешімін табатынын мәлімдеді. Қарағанды әкімі Мейрам Кожухов келесі жылы жолда жол жиектері «күшейетінін», ал, жалпы билік саяжай тұрғындарымен кездесуге және өзекті жайттарды бірлесіп шешуге көмектесуге даяр екендігін жеткізді.

Қарағанды орталық саябағында жұмыс істейтін кәсіпкерлер «Келесі жылы ынтымақтастық туралы шарт ұзартыла ма?» деген сұрақты қойды. Даму тұжырымдамасы барлығын, құжатты кәсіпкерлерге міндетті түрде ұсынылатындығын айтты Мейрам Кожухов. Осы мақсатта олар желтоқсанның үшінші онкүндігіне жақын кездесу өткізбек.

Ұсыныстар қатарында қаладағы белгілі бір өзгерістер кезінде тұрғындар пікірлерін ескеру, сұрауларға дер шағында жауап қату ескерілді. Қарағандылықтар ескі әуежай ауданында аялдама павильонын орнатқаны үшін билік тарапына ақжарма алғыстарын білдірді. Ал, халық қалаулары желтоқсан айында әлеуметтік осал топтары оқушыларымен

қала әкімдерінің тұрғындармен ашық әрі мазмұнды сұхбаты көптеген өзекті де іргелі мәселелер кешенінің шындап шешімін табуға түрткі болды. Ертенгі күн — бір белес. Жаңа белестерге — бірлесіп қадам басу өміршең меже. Асыл тас қанша лағыл да аяқ болса да, оны егемей құны қалмайды. Қала әкімдігі қолда бар ресурстарды тиімді пайдаланып, заман талабына сай жобаларды жүзеге асырып келеді. Әкімдердің өз сөзімен айтсақ, кез келген мәселенің шешімін табу үшін халықтың үнін тындау маңызды. Иә, бақжайлап келгенде Қарағандыны жайлы, қауіпсіз және заманауи қалаға айналдыру тек әкімдіктің ғана емес, тұрғындардың да үлесіне тисесі екендігін ұмытпаған жөн шығар. Ермағанбет Бөлекпаевтың сөзінше, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту қала мен өңір тұрғындарының белсенділігіне тәуелді. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, әкімдік пен тұрғындардың бірлескен жұмысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына кең серпін беретіні анық.

Қарағанды — тіршілігі қайнаған, дамуға бет алған қала. Бұл кездесулер халық пен билік арасындағы сенім көпірін нығайтып, барлық мәселелерді бірлесіп шешудің нақты үлгісін көрсетті. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, әр тұрғынның идеясы мен ұсынысы маңызды. Ал, жаңа жобалар мен жоспарлар қаланы заман талабына сай деңгейге көтеретіні, келешегін кең ететіні сөзсіз.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран

2025 жылы Ұлы Отан соғысындағы Ұлы Жеңіске – 80 жыл. Бұл бағытта өңірде істер бастау алды. Биыл Ұлы Отан соғысының ардагерлері, көрнекті қоғам қайраткерлері Камали Дүйсембеков пен Қали Аманбаевтың туғанына – 100 жыл. Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында қос ардагерді еске алу мақсатында Қарағандыдағы «Достық» үйінде дөңгелек үстел өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Соғыс жылдарында Қарағанды облысы 45 мыңға жуық азаматты майданға аттандыраған. Алты мыңнан астам қарағандылық Ұлы Отан соғысындағы ерлігі мен батырлығы үшін түрлі орден, медальдармен марапатталса, 18 жерлесімізге Кеңес Одағының Батыры атағы берілген. Қазіргі уақытта аймақта көзі тірі тоғыз ардагер ғана қалыпты. Дөңгелек үстел майдан даласында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

– Бүгінгі іс-шара өңірден майданға аттанған ардагерлерді тек еске алумен ғана шектелмейді, сонымен бірге, олардың еңбегін, ерлігін келешек ұрпаққа үлгі етіп, жүріп өткен жолын саралап, келешек ұрпақтың бойына сіңіруді көздейді. Біз – ақсақалдарымызды, үлкендерімізді құрметтеген халықпыз. Ардагерлердің өмір жолы – бізге үлгі-өнеге, – деді Әлібек Әлденей.

Осы шараның өтуіне тікелей мұрындық болған облыстық ардагерлер кеңесі. Кеңес төрағасы Габит Тұжов қос ардагердің еңбек жолының ерлігінің өскелең ұрпаққа тәрбиелік маңызы зор екенін атап өтті.

– Ардагерлеріміздің халқына, Отанына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Облыстық ардагерлер кеңесі Қали Әлібекұлын осы қоғамдық ұйым-



ның бастауында тұрған тұңғыш басшысы ретінде құрметтейді. Ал, Камали Жұматайұлы болса, кешегі сұрапыл соғыста өшпес ерлік көрсетіп, жауынгерлік «Даңқ» орденін үш мәрте иеленген. Ал, бұл Кеңес Одағының Батыры атағына тең. Біз осы екі ақсақалдың өмір жолын жастарға үлгі-өнеге етіп ұсынамыз. Оқу оқып, білім алуға талпыну, қиындықтарға мойымай, оларды табандылықпен жеңе білу, Отанына, еліне адал қызмет ете

білу – міне, бұл қос майдангердің, қос қайраткердің өмірлік ұстанымдары, – деді.

Одан кейін сөз алған Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры Ерқара Аймағамбетов қос ардагердің бойындағы асыл қасиеттер жайында айтып берді.

– Отанына адал қызмет етті. Қазақ үшін суға түсіп, от кешті. Барлық өмірін халыққа, елге арнады. Соғыстан кейін ел басынан

ауыр кезеңдер өтті. Соғысқа қатысқандар соғыс жайлы көп айта бермейтін. Екі ағамыз да солай, соғыс жайында көп сөз қозғамайтын.

Керісінше, жастарға қолдау көрсетіп, патриоттыққа тәрбиелейтін. Ия, қызмет деген кетеді. Бірақ, сол сөздің түп-төркініне осы екі ағам жете білген. Соның тереңдігін түсінген бұл кісілер қайтып ашар есігін қатты жаппаған. Еліне қызмет етіп, түптің-түбінде олар ортасы ел іші екенін, туған ел екенін ұмытпады. Мен жас болсам да, қоян-қолтық араластым. Ешкімге қату қабақ танытпайтын. Керісінше, күш-жігерін, ақылын елдің келешегіне жұмсады. Сөйтіп, өмірін мағыналы өткізді. Ал, біз – олардың жалғасымыз, – деді.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рымбала Омарбекова да бір кездері Қали Аманбаевпен қатар қызмет істеген.

– Көмекең мен Қалекене қарап, жұмысқа деген адалдықтың, патриоттың қандай болу керек екенін ұғынуға болатын. Қалекене ең бірінші жауапкершілікті талап ететін. Қол астындағыларға дауыс көтеріп сөйлемейтін де. Қателессек, байыппен түсіндіруші еді.

Бірақ, бәрі Қали Әлібекұлының көзқарасынан именетін. Ол кісінің үлкен бір еңбегі – Қарағандыда телевидениесін құрғаны. Қазіргі облыстық «Сағарқа» арнасы Қали Әлібекұлының жетекшілігімен құрылды. Телевидениені жоғары деңгейге көтерді. Кейін облыстық ардагерлер кеңесінің басшысы болды, – деді Рымбала Кенжебақызы.

Шет ауданының құрметті ақсақалы, еңбек ардагері, өлкетанушы Боранбай Жұмкин Камали Жұматайұлымен аттай 12 жыл бірге қызмет еткен жанның бірі. Ардагер Ақой жалпы орта білім беретін мектепке Көмекеңнің атын беру туралы ұсыныс жасады.

– Көмекең нағыз қамал алатын жасын майдан даласында өткізді. Одан кейін түрлі қызмет істеді. 1964 жылдың соңында Шет ауданына келіп, аудан басшысы болды. Содан 16 жыл табан аудармай, бірінші хатшы қызметін атқарды. Биыл Шет ауданының құрылғанына 96 жыл болса, содан бері аудандың 32 азамат басқарған. Солардың ішіндегі ең ұзақ басқарған – Камали ағамыз еді.

Арда азамат жастарды қолдайтын. Оған бір дәлел, менің

Максұт Сәдуақасов деген досым Көмекеңнің қолдауымен небәрі 29 жасында Қарабұлақ совхозына директор болды. Одан кейін Мағануия Сатыбалдин деген жолдасым Ақшатау совхозына бас инженер болып барған. Кейіннен директорлыққа тағайындалды. Ал, маған 1964 жылы Ақмоладағы (кейіннен Целиноград) ауыл шаруашылық училищесін бітіріп келгеннен кейін қасына ертіп, көп дүние үйретті. Кейін ауыл шаруашылық бөлімінің басшылығына келіп, сол жерде аттай 22 жыл қызмет атқардым. Шет өңірі Көмекеңдей арда азаматты ешқашан естен шығармайды. Құрметіне Ақой жалпы орта білім беретін мектепке атын беру туралы ұсыныс тастадым, – деді ол.

Дөңгелек үстелге Камали Жұматайұлының қызы Роза Камалиқызы да қатысып, әкесі туралы тебіренді.

– Әкем мен анам 10 пәреңт тәрбиелеп өсірді. Бәрімізді оқытты. Әкем соғыстан келгенде бір қолын жоғары көтере алмайтын. Себебі, екі рет жарақат алыпты. Алайда, соған қарамастан жұмыс істеді. Әкем – біздің мақтанышымыз. Өзіміздің үш балам бар. Бауырларым да қасымда. Бәріміз 9 мамырда немесе әкемің, анамың туған күнінде жиналамыз. Өзі әкеміздің атына берілген көшеге де бару әдетімізге айналған. Әкемді еске алып, осындай шараны ұйымдастырғандарыңызға зор алғысымыз білдіремін, – деді.

Ардагер журналист, еңбек ардагері, КСРО телевизия және радио үздігі, Қазақстанның мәдениет қайраткері Галина Рахимова да сөз сөйлеп, лебізін білдірді. Естеліктерін айтып, еңбегі жайында сөз қозғайды. Әрине, қос туғанының еңбегі – өлшеусіз. Оны дүйім жұрт жақсы біледі. Әрі ұрпақтың мәңгі жадында.

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

Туризм түлейді, спорт серпіледі

Өңірде туризм мен спорт салалары қарқын алмақ. Облыста алдағы жылы мемлекеттік туристік ақпараттық орталық ашылады. Бұл жаңалықты облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында мәлімдеді. Орталық өңірдің туристік әлеуетін арттырмақ. Ал, 2025 жылы спорт нысандарының құрылысы және әлеуметтік қолдау бағыттарына қомақты қаражат бөлінеді. Жоспарда жаңа спорт кешендерін салу, жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту, сондай-ақ, Балқаш пен Қарқаралы сияқты ірі туристік аймақтарды дамыту межесі менмұндайды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салалық басқарма басшысы қоғамдық кеңес мүшелері 2025 жылға арналған бюджетті қарастыра отырып, туризмді дамыту туралы сауал қойған кезде мемлекеттік туристік ақпарат орталығы туралы кеңірек тоқталып өтті.

– Бізде туризм басқармасы жоқ. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес мұндай орталықтар облыстарда болуы тиіс. Өңірде екі ірі туристік аймақ бар: Қарқаралы және Балқаш. Сондықтан, орталық есігін келесі жылы айқара ашатын боламыз. Орталықтың жылдық шығыны штат саны 10 адамнан тұрады деген есеппен санайтын болсақ, 65,4 миллион теңгені құрайды. Шығын атаулысы қадесей өнімдерін дайындауды, шетелдік қонақтармен және инвесторлармен кездесуді, Алматы мен Астанадағы туризм тақырыбындағы жыл сайынғы дәстүрлі көрмелерге қатысуды көздейді. Аймағымызда маңызды және өз көзімен көруге тұрарлық көптеген көрікті жер бар. Ал, орталық туризмді дамытуға, жан-жақты насихаттауға көмектеседі, – деп атап өтті спикер.

Сөз орайында қоғамдық кеңес мүшелері Қарқаралының дамуына баса назар аударуды ұсынған еді. Қоғам белсендісі Руслан Никоновичтің айтуынша, бұл бағытта ол өзгерісті көптен күткен көрінеді. Келесі жылы ол Қарқаралыға дейінгі жолды жөндеу аяқталаты-

нын еске салды. Алайда, Руслан мырза о жаққа барар жолда қажетті жағдайлар жоқтың қасы дейді. Жолаушы жол жүргенде ең қарапайымы ұялы байланыстың жеткіліксіздігінің өзі көп жайдан ақпар береді деп тағы қосты.

Жалпы, облыстық қоғамдық кеңес отырысы 2025-2027 жылдарға арналған бюджет жобасын қарастыруға арналып, 2025 жылғы бюджетке егжей-тегжейлі тоқталуға мүмкіндік ашты. Бұл арада нақты және статистикалық деректерді облыстық қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина алға тартты.

– Облыстық бюджеттің кіріс бөлігі, трансферттерді есепке алмағанда, үш жылдық кезеңде: 2025 жылы – 518,4 миллиард, 2026 жылы – 535,8 миллиард, 2027 жылы 564,9 миллиард теңге сомасын құрамақ. Бюджет шығысы үш жылдық кезеңде: 2025 жылы – 529,6 миллиард, 2026 жылы – 544,2 миллиард, 2027 жылы 573,2 миллиард теңге шамасында. Бюджет шығыстарының ең қомақты үлес салмағы әлеуметтік салаға тиесілі. Бұл – оның тұтас көлемінің 64,1%-ы. Экономиканың нақты секторына бағытталған шығыстар 21,1%-ды құрайды. Бюджет жобасындағы жалпы мемлекеттік шығыстар 8,2% сомасында ескерілді, – деп атап өтті Людмила Башарина.

Әлеуметтік салаға 2025 жылы 339,5 миллиард теңге бюджет қаражаты жоспарланған. Аталған сома материалдық-техникалық



базаны ұстауға, нығайтуға, әлеуметтік сала нысандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жөндеуге, халықты жұмыспен қамту шараларына сарп етілмек. Мәселен, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, мектептерде оқушыларды тамақпен қамтамасыз ету, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қолдау және үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру, науқастарды тегін дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету, ауылдық жерлерде медициналық қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету, спорттық және шығармашылық үйірмелерді жан-жанасуға қаржыландыру, мәдениет, жастар саясаты саласындағы жалғасты іс-шаралар сәйкесінше қаражатты талап етеді.

– Экономиканың нақты секторын қамтамасыз етуге 111,7 миллиард теңге көзделді. Жол-көлік инфрақұрылымы саласында шығыс бөлік әлеуметтік маңызы бар жолаушылар тасымалын

субсидиялауға, Қарағандыда 7 жастан 18 жасқа дейінгі балалардың тегін жол жүруін қамтамасыз етуге, облыстық және жергілікті маңызы бар автожолдарды салып, реконструкциялауға әрі жөндеуге, сондай-ақ, Балқаштағы әуежайды жарақатп, оның әрі қарай толыққанды жұмыс істеуіне бағытталды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында ауызсу жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтерді субсидиялауға, отын сатып алуға, шаруашылық пен ауызсумен жабдықтау үшін іздеу-барлау жұмыстарын жүргізуге, халық үшін үздіксіз жылумен жабдықтау амалдарына, су бұру жүйесін дамытуға арналған шығыстар жоспарланған. Құрылыс саласында білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және әлеуметтік қолдау нысандарын салуға, облыс аймақтарында тұрғын үйді жөндеуге және салуға арналған шығыстар легі ескерілді. Агрөннеркәсіптік кешенді қолдауға, шағын және орта бизнесті

қолдау мен дамытуға, ветеринариялық қауіпсіздік іс-шараларына әрмен қарай қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы шеңберінде шығыстар көзделген, – деп толықтырды Людмила Башарина.

Өңірдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, төтенше жағдайлардың алдын алуға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға 30,5 миллиард теңгелік бюджет көлемі көзделуде. Бұл қаражат сомасы материалдық-техникалық базаны ұстап нығайтуға, жөндеу жұмыстарына, су тасқыны мен өрт қаупі кезеңдердің алдын алу жөніндегі іс-шараларға жұмсалды.

Облыстық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында спорт мәселелері де жете қаралды. Өңірде алты спорт нысаны салынып жатқанын, ал, келесі жылы тағы алты ірі нысан салынатыны туралы белгілі болды. Мәселен, әмбебап спорт кешендері, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған.

Облыстық дене шынықтыру

және спорт басқармасы басшысының орынбасары Рустам Қожабеков алдымен статистиканы алға тартқан болатын. Облыста 1 250 спорт ұйымы мен дене шынықтыру ұжымы қызмет атқарса, жұмысқа 431 мыңнан астам адам қамтылған. Ал, 39 спорт мектебінде 27 545 бала айналысады. «Биыл бұқаралық спортты дамытуға 4 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. 2025 жылы тағы 4 миллиард теңгеден астам қаржы бөлу жоспарлануда», – деп атап өтті Рустам Қожабеков.

Сонымен қатар, облыста жалпы сомасы 5 миллиард 629 миллион теңгеге алты спорт нысанының құрылысы жүргізілуде, деп жалғастырды спикер. Бұл – Ақтоғай ауданы Сарышаған кентінде 150 орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Бұқар жырау ауданының Ф.Мұстафин, Қарқаралы ауданының Қарағайлы кентінде 100 орындық кешен, Приозерск қаласында 210 орындық спорт нысаны, Саран қаласының маңындағы Ақтас кентінде 150 орындық кешен және Қарқаралыдағы стадион.

– Ал, 2025-2026 жылдары тағы алты ірі спорт нысанының құрылысын бастау жоспарлануда. Бұл – Майқұдық пен Оңтүстік-Шығыс арасындағы жабық стадион. Бассейні бар әмбебап спорт кешені. Қарағандыдағы мектеп-интернат-колледжі, Қарқаралы ауданының Қоктас кентіндегі спорттық сауықтыру кешені. Мұнымен қатар, «Самұрық-Қазына» және «Қазақстан халқына» қорлары арқылы – Қарқаралы ауданының Жарлы мен Бүркітті ауылдарында, Бұқар жырау ауданының Доскей елдімекендерінде, Шет ауданының Ақадыр кентінде, Ақтоғай ауданының Шашубай, Бұқар жырау ауданының Баймырза ауылында жеті жедел салынатын спорт кешені бой көтереді, – деді Рустам Қожабеков.



• ӨЗЕКТІ

Ауыл мектептерінің ахуалы нешік?

Облыстағы 404 мектептің 222-сі ауылдарда. Оларда 34 мыңнан астам бала оқиды. Сондықтан, ауыл мектептерін дамыту аймақ білім беру саласының басым бағыттары қатарында. Облыстың білім басқармасының дерегінше, биыл облыс бойынша 100-ден астам ауыл мектебі жаңғыртылды.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Желтоқсан айында Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында және Қарқаралы ауданының Талды ауылында апатты жағдайдағы мектептің орнына салынып жатқан жаңа білім ордасы тапсырылуы тиіс. «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша үш мектепке: Бұқар жырау ауданының Гагарин ауылына, Шет ауданының Ақдәуір және Бұқар жырау ауданының Шұбаркөл кенттеріне қосымша ғимараттар салынууда, – деді білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова.

Сондай-ақ, Осакаров ауданы, Ақбұлақ ауылындағы мектеп қайта жөнделуде. Басқарма басшысының айтуынша, бұл жөндеу жұмысы жыл соңына дейін аяқталады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында жалпы 1500 орындық 5 мектептің құрылысы басталды. Олар Шет және Бұқар жырау аудандарында бой көтереді.

– Соңғы үш жылда барлығы 126 білім беру нысанында жөндеу жұмыстары жүргізілді, – деді Гүлбақыт Серікжанқызы. – Бұдан басқа, ауылдық жерлердегі 34 мектеп орта білім беру объектілерін жөндеудің үш жылдық жоспарына енгізілген. Онда күрделі жөндеу бар және мектептерді материалдық-техникалық жарақтандырылады. Оның тоғы-

зында жобалық-сметалық құжаттары бар жұмыстар келесі жылы басталады. Қалғанының құжаты әзірленеді.

Барлық ауылдық мектептер интернет желісіне қосылған және оның жылдамдығы талаптарға сай. 106 ауылдық мектепте StarLink спутниктік технологиясы арқылы жылдамдықты арттыру бойынша жұмыс жүргізіліпті.

Гүлбақыт Жүнісова айрықша атаған тағы бір мәселе – ауыл мектептерін заманауи пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар. Биыл оның айтуынша, 48 жаңа модификация кабинеті 534,1 млн теңгеге сатып алынған. Бұл – физика, химия, биология, STEM, робототехникаға арналған жабдықтар. 2025 жылы тағы 42 кабинет сатып алу жоспарланған.

– «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы шеңберінде «Қазақстан халқына» қоры 2 млрд теңге сомасына облыстың 8 ауылдық мектебін заманауи пәндік кабинеттермен және жиһаздармен жабдықтады. Биыл тағы 3 мектеп жарақтандырылады, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Қазіргі уақытта облыста 32 тірек мектебі жұмыс істейді. Олар шалғайдағы мектептердегі балаларды сапалы білім алуына мүмкіндік береді. Тірек мектептері 130 магниттік мектепті біріктіреді. Келесі жылы Абай, Қарқаралы, Шет,



Қолмақалы Жансая Омарбек

Бұқар жырау, Нұра, Осакаров аудандарында 30 магниттік мектепті біріктіретін тағы 6 тірек мектебі ашылмақ.

Бұдан бөлек, ауыл мектептерін жан-жақты дамыту мақсатында бірқатар жобалар да жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, биыл 32 ауылдық мектеп «Еліміздің мақсатты мектептерін дамыту» республикалық жобасына енді. Жоба аясында жобалық кенесе құрылды және қазіргі уақытта әрбір мақ-

сатты мектепте жеке жұмыс жүргізілуде.

Облыстың 30 ауылдық мектебі «Мың мектеп» республикалық жобасына енді. Жоба аясында мектепшілік бақылау және мектептерді дамыту бағдарламалары қайта қаралып, түзетілді.

«Қала-ауыл» жобасы аясында ауылдық мектептерге әдістемелік және практикалық қолдау көрсетілуде. Оқушылардың ауыл шаруашылығы мамандықтарына

қызығушылығын арттыру үшін 65 мектепте «Ауыл шаруашылығына қадам» агрокласс жобасы іске асырылуда. Бұл жобаға облыстың барлық аудандарының мектептері қатысады. Өткен оқу жылында 25 мектеп болса, биыл 45-ке жетті.

– Үшінші жыл оқушыларды ҰБТ-ға тегін дайындау мақсатында «Репетитор» жобасы іске асырылуда. Жобаның бастамашысы – «Самғау академиясы» жеке даму орталығы. Былтыр академия 5500

түлекті оқытты, оның 1539-ы грант иегері атанған болатын. Жоба аясында биылғы оқу жылында ауылдық мектептердің түлектері мен әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 мың оқушыны ҰБТ-ға даярлайтын болады. Әрбір оқушыға белгілі бір тәрбиешілер бекітіліп, жеке жұмыс жүргізіледі. Оқыту онлайн өтеді, – деп түсіндірді Гүлбақыт Жүнісова.

Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша облысымыздың 133 «Алтын белгі» иегерлерінің 44-і – ауылдық мектеп түлектері. Үздік аттестатты 127 түлек немесе 31% алған.

Облыс әкімі Ермағанбет Қабылдаулы ауыл мектептерінің кадрмен қамтылу мәселесін көтерді. Осы ретте билігі оқу жылында ауылдық елді мекендерге «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы бойынша 51 маман келгенін айта кету керек. Ақтоғай ауданына – 13, Бұқар жырау ауданына – 6, Қарқаралы ауданына – 2, Осакаров ауданына 3 және Шет ауданына 17 маман барды. Жалпы, осы бағдарлама аясында 3 682 маман ауылдық елді мекендердегі білім беру ұйымдарында жұмыс атқаруда.

– Өткен жылдан бастап «Teach for Qazaqstan» қоғамдық қорымен бірлескен «Мамандыққа бүйірден кіру» жаңа білім беру жобасын іске асыру басталды. Былтыр жобаға арнайы жоғары педагогикалық білімі жоқ 23 адам қатысып, қайта даярлаудан кейін мектепке орналасты. Осы оқу жылында жоба бойынша 9 маман қабылданды, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Адал еңбек мақсатқа жеткізеді

Еңбек етеміз деген адамға мүмкіндік қазіргі уақытта жеткілікті. Халық даналығына сенсек, «қалауын тапса, қар да жанады». Мәселе – ниет пен оған сәйкес әрекетте. Ниеті де бар, әрекет те жасайтын жандарды мемлекет қолдауға әзір. Қайтарымсыз гранттарды мысалға алайық. Биыл 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде 178 грант берілді. Бұл шамамен 1 жарым миллион теңге.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мәлімдегендей, гранттар жиһаз, кондитерлік цех ашуға, этникалық үлгідегі, сыртқы және балалар киімдерін тігуге, массаж кабинетін, сұлулық салонын, эстетикалық косметология, шығармашылық орындарын, тез тамақтану дүңгіршектерін ашу, қымыз үшін жабдықтар сатып алуға, наубайхана, шұжық жасау цехы, кофе аппараты, анимациялық сервис, оттегі борокамерасы, монша, автокөлік бөлшектері дүкенінің металл конструкцияларын өндіру, аяқ киімді жөндеу және кілттер жасау сынды көптеген бағыттар бойынша жасалған жобаларға беріледі. Яғни, кез келген бағытта бағын байқап көрсете болады. Қарағанды қаласының тұрғыны Торғын Баймағанбетова дәл солай жасады. Ол грант ұтып алып, қазір тігін цехын ашқан, 3-4 адамды да жұмыспен қамтыған жайы бар.

Торғын Қартайқызының айтуынша, тігінді бала күтімімен отырған кезінде бастаған екен. Грант қаражатына 8-9 түрлі тігін машинасын алып, күнделікті



тапсырыс орындап отыр. Алдағы уақытта тағы да 2-3 адамды жұмысқа алғысы келетінін жеткізді.

– Қазақша нақыштағы шапан, күртеше, бомбер, сыныптарға же-

летке тігеміз. Қарағандыдан гана емес, республиканың бірқатар қалаларынан тапсырыстар түсіп жатады. Бір қаланың бір мектебінен тапсырыс түссе, ол жақтан тағы 3-4



Еңбек адамы

тапсырыс келеді. Себебі, адамдар өнімдеріміздің сапасын көреді. Желеткелерді, мысалы, өлкең етіп дайындаймыз. Күнделікті 30 желетке тігіп шығамыз, яғни, бір сыныптың оқушыларына дайындаймыз. Кейде үлгермей де қаламыз, сондықтан, алдағы уақытта тағы да жұмысқа адам алайын деп отырмын, – деді кәсіпкер.

Ол өнімдерінің жасалу процесін Tik-tok әлеуметтік желісіне салып отырады. Оның да көмегі болды дейді.

– Тігу барысы халыққа қызық. Содан да болар, тапсырыс берушілер де аз емес. Жалпы тігімен айналысқанымға тоғыз жылдай болды. Көптеген қазақстандық дизайнерлердің курстарын оқып, білімді жетілдірдім. Үйде тігіп жүргенім, гранттың көмегімен цех аштым, – деген ол басында сенімсіздік болғанын да жасырмады.

– Мемлекеттік грант туралы көпбалалы аналардың чатынан білдім. Басында әділ болмайтын шығар деп сенімсіздікпен қарадым. Бірақ, тәуекел етіп, байқап көріп, өтіп кеттім. Шынымен де, бұл көп көмек болды, – дейді Торғын Қартайқызы.

Гранттың көмегін сезінген – Назымгүл Жуасова. Ботақара кентінің тұрғыны кондитерлік өнімдер пісірумен айналысады.

– Бұған дейін де кондитерлік өнімдерге тапсырыс қабылдап жүрген едім. Бірақ, грант қаражатына асуіге керек-жарағын алып, жұмысым жеңілдеді. Мұздатшық, пеш, асуі комбайнын алдым. Кент тұрғындары той, қоғамдық тапсырыс беріп жатады. Бес балам бар, үй шаруасындағы адам үшін қолайлы, – дейді ол. Аудан орталығында дүкен ашу ниеті бар.

Өз еңбегімен адал табыс тауып отырған жандар үшін кәсібі – нәсібі.

Суреттер кейіпкерлердің мұрағатынан

• ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА

Экожоба – ел ертеңіне

Қарағанды қаласындағы Нұркен Әбдіров атындағы мектептің жанындағы аумақты жарықтандыру үшін баламалы энергия көзі пайдаланылмақ. Мұнда көше шамдарын зарядтау үшін күн панелдері орнатылады. Мұндай жетістікке оқушылардың NXplorers Жасыл ұрпақ бәйгесі республикалық экологиялық жобалар байқауына қатысуының нәтижесінде қол жетіп отыр.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республикалық байқаудың ақтық сыны Астана қаласында өтті. Финалда өнер көрсеткен 20 команданың ішінен жобаны іске асыруға бір миллион теңге көлеміндегі грантқа үздік бес команда ие болды.

Кеншілер өлкесінен барған талантты әрі талапты жастардан құралған команда үшінші орынға ие болды. Олар – Нұркен Әбдіров атындағы мектептің оныншы сынып оқушылары Нұрислам Әбу-талипов, Әлиасқар Жұмабеков, Еркебұлан Мылтықбай. Шығармашыл топтың жетекшісі – география пәні мұғалімі, STEM мектеп жобасының үйлестірушісі Меруерт Ибраева.

– Мектебіміздің тарихы бай, желтоқсан айында 50 жылдығын атап өтуге дайындалып жатырмыз. Біз заманға сай алға қадам басуға тырысып жүрміз. Өзірге бізде әлі STEM кабинеті жоқ.

Бірақ, сонда да мектебімізде бұл бағытты дамытуға күш салып жатырмыз. Экологиялық жобалардың республикалық конкурсына оқушыларымыз өткен жылы қатысып, жүлдесіз қайтқан. Ал, биыл олар грант жеңіп алды. Қазір электр энергиясын үнемдеу – өзекті. Жобаны іске асыруға алты ай уақыт беріледі. Меніңше, біз мұны ертерек, қыстың соңына дейін жасап бітіре аламыз, – дейді Нұркен Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектептің директоры Гүлшат Бағрамова.

NXplorers бағдарламасы – Қазақстанда STEM білім беруді дамытудың тағы бір қадамы. Жастар тарапынан сұранысқа ие болып тұрған байқауды «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен «Шелл Қазақстан» энергетикалық компаниясының қолдауымен Caravan of Knowledge корпоративтік қорының ұйымдастырғанын атап өткен жөн.



Ақын Руслан Нұрбай – 50 жаста

ЛЕБІЗ

Менің Руслан Нұрбайым

Баяғыда Онере де Бальзак поэзия туралы былай депті... Десе, деген шығар, бірақ, меніңше, поэзия – ол сен. Сенің кемшілікке бай мінсіз бейнен. Автобиография. Кез келген шығармада өзін болмасаң, оның несі туынды? Осы критерийлерге жауап бере алатын ақындардың бірі – Руслан Нұрбай. Ол – менің ақыным, ол – сіздің ақынныңыз.

Руслан Нұрбай – детальды ақын. Кез келген өлеңін оқып отырсаңыз, оған көз жеткізесіз. Елдің аузында жүрген, әсіресе, көп асабаға азық болған «Өріп пен ұғым» өлеңі. Деталь ғой?! Деталь. Яғни, ақынның зергерлік қасиеті шығармаларынан көрініс береді. Тас қараңғы жерден саңылау таба біледі ол. Оны үлкен дүниеге айналдырады. «Өріп пен ұғым» демекші, ақынның есімінен гөрі өлеңі бұрын жеткен. Абайша айтқанда, кісіге қарап сөз алмай, сөзіне қарап кісіні алды халық. Русланның шығармашылығын сүйетін оқырман. Мәселен, «Тық-тық тірлік». Бір қарағанда, жай ғана сағаттың тықылы. Алайда, оның әр жағында қаншама пәлсапа, тағдыр, өмір жатыр.

«Периодтық тақтаны әлем біліп, Химиядан кетіп ем дәмем құрып. Менделеев марғасқан білді ме екен?

Болатынын темірге тәуелділік, – деп басталатын «Fe – темір» өлеңі де детальға құрылған дүние. Ақынның тағы бір артықшылығы – тақырып қою шеберлігі. Біреулерге бұл жай көрінуі мүмкін. Алайда, тақырып ең алдымен оқырман шақырады және өлеңнің болмысын ашады.

Руслан Нұрбай – визуальды ақын. Жоғарыда келтірген өлеңдер, басқасы болсын, барлығында қозғалыс, көрініс, қарекет бар. Сосын ол сөзді жақсы «ойната» алады. Мәселен, «Сак тану» деген өлең. Яғни, мұнда сақты (қазақты) тану да бар, сақтану да бар, сақтандыру ұйымы да бар.

«Ұрыс-ылаң мен ырыс ұланның айранын

Ұйытамын деген Руслан пақырмын» («Септік сыры» өлеңі) деп есімінен түрлі мінездеме береді. Есім демекші, ақынның кейбір өлеңінде Қасым бастаған бір үрдіс кездеседі. Дауылпаз ақын көп өлеңдерінде Қасым бар. Яғни, Қасым Қасымға басқа бір адам боп қарайды да, жырга қосады.

Сол сияқты, «Қайшылық», «Көке» сияқты өлеңдерінде:

Ұрыс-ылаңмын ұрыста,
Ырыс-ұланмын тынышта.
Руслан болған ырзығым,
Қалам менен Рухта! («Қайшылық»)

Өмір сүрдім ертепкен,
Көңілізбін, көл шетте...
Русланды аңсап жыр жазды бір ақын,
Мен біреуге керек пе ем?! («Көке»).

Және Руслан Нұрбайдың «пайғамбарлық» өлеңі бар. Шын айтамын. ChatGPT, жасанды интеллект деп жатамыз. Ақын «Күлтемір» деген өлеңінде осыны болжайды. Эпиграфына: «Ұйқастар жинақтап, өлең



формасына түсіретін жаңадан компьютерлік бағдарлама пайда болыпты». Келешектегі қияли газеттен» деп жазған екен.

«Өзектегі өз несібем өлеңмен.
Лифтісіз үйге қайтып келем мен.
Ток жоқ бүгін, тамақ тағы тәбетсіз,
Телефонға теңгем де жоқ төленген.

Өмірде бұл, темірге құл түсінгем.
Ойларыңды компьютер пісірген.
Аялдама алты сағат тұрмын-ау,
Алпыс қадам жерге бару үшін мен, – депті ақын. Мұндағы «ойларыңды компьютер пісіргені» қазіргі сол жасанды интеллект қой. Содан ChatGPT-ден ақынның танымал өлеңі «Өріп пен ұғым» жайлы пікірін сұрадық. Былай дейді күлтемір:

«Руслан Нұрбайдың «Өріп пен ұғым» өлеңі – философиялық терең мазмұнмен өрілген шығарма. Ақын адамның өмір жолын, оның мәнін, маңызын және әр кезеңдегі ішкі жан дүниесін қарапайым, бірақ әсерлі әріпттер мен ұғымдар арқылы суреттейді. Әр шумақ өмірдің әрбір сатысын символикалық түрде сипаттап, әрбір кезеңнің мәнін ашуға тырысады.

Өлеңнің негізгі ерекшеліктері:
1. Символизм мен метафоралар:

Әрбір ұғым белгілі бір кезеңнің немесе құбылыстың бейнесі ретінде көрінеді. Мысалы, «ЖАН» – өмірдің бастауы, «АНА» мен «КЕ» – отбасының негізін, «БАЛА» – өмірдің бастапқы балғын шағын бейнелейді. Осылайша, әріпттер тек сөз емес, терең ұғымдардың көрінісі.

2. Философиялық тереңдік:

Ақын адамның өмірдегі өткініш сәттерін, қателіктері мен жетістіктерін, қуанышы мен мұңын саралайды. «Ақ пен кара жолдарымның жолағы» деген жолдар өмірдің қайшылыққа толы екенін білдіреді.

3. Өлеңнің құрылымы мен ырғақтылығы: Қысқа және нақты жолдар оқырманға ой тастайды. Әр шумақ белгілі бір логикалық тізбекпен жалғасып, адам өмірінің кезеңдерін көркемдікпен көрсетеді.

4. Моральдық тұжырым:

Өмірдің мәні – тек сөздер мен ұғымдарда емес, олардың ішіндегі терең мазмұн мен адамның оларды қалай қабылдауында. «АҒА деген үш әріпке жетіппіз, АҚЫЛ деген төрт әріпті айта алмай» жолдары адамның есеуі мен өмірлік тәжірибені толық меңгере алмауын меңзейді.

Пікір:

Өлең оқырманды терең ойға жетелейді. Әрбір оқыған сайын жаңа бір мән тауып, өмірге деген көзқарасты өзгертетіндей әсер қалдырады. Ақын адамның өмір жолын қарапайым әріпттер арқылы шебер бейнелеген. Осы арқылы ол оқырманды өз өміріне басқа қырынан қарап, оның мәні туралы ойлануға шақырады.

Өлеңнің тілі жеңіл әрі жүрекке жылы тиесі, бірақ мағынасы өте терең. Бұл шығарма – өмірдің мәнін іздеген әрбір адамға ой салатын ерекше туынды.

Қызық. Кейбір тұсы дәлме-дәл келеді. Иә, Руслан Нұрбай – символист. Сонымен қатар, дәстүр мен заманауи келбетті біте қайнастыра білетін ақын. Экспериментшілі. Ақынды әр қырынан байқауға болады.

Ағамыз 25-тің екеуіне келіп қалған екен. Құтты болсын айтамыз. 18 желтоқсанда өтетін шығармашылық кешке «Үтірсіз уақыт» деп атау қойыпты. Шынымен, өміріміз – үтірсіз уақыт. Өйткені оның екінші аты – шексіздік.

Ерболат ҚАҒАТБЕК



Бұқпа өзені

(Русланға)

Шұлы шаһар астымен тынып ағып,
Толқи алмай, ыңырсып, ыңыранып.
Жатыр Бұқпа көктемде
көсілместен,
Тас қаланың бауырына бұғып алып.

Толқынымен толқыны табыса
алмай,
Кемел жұрттың көшімен жарыса
алмай.

Жатыр Бұқпа бұқпантай
бір күй кешіп,
Кеудесін құрт кеудеген кәрі шалдай.

Жатыр Бұқпа лайланып,
жаны ышқынын,
Тас қаланың табанын ағыс қылтып.
Бұл қаланың ойнамас балалары,
Қағаз қайық суға сап, жарыстырып.

Жатыр Бұқпа тағдырға көніп, арып,
Өкпесін өркеніет тоңы қарып.
Түсіне енеді әркез кабактарда,
Кепкен мұжық кемігер өлі балық.
Жатыр Бұқпа толқыны жарға
ұрынбай,

Зар кешіп запы болған
зарлығымды-ай!
Қалаға тап-таза боп енген бұл да,
Менің дәл ол бес жасар
тағдырмдай.

Жатыр Бұқпа...

Серік САҒЫНТАЙ

Руслан НҰРБАЙ

«Өлеңдерім өмірімнен
нәр алған...»

Бүгін сенің келешегің көмескі,
Тордағы түр – тоқал туған көк ешкі,
Көрмеп енді көрек етіп көк етті,
Қара қандан сырттан үріп қор етті.

Амал нешік, қазір ғаріп, тордасың,
Азық етіп атала мен жармасын.
Сенің жауың – әлі де адам айлакер,
Сенің кегің – қазір қақпан, қорғасын.

ЫСТЫБҰЛАҚ – БЫРЫСЫМ

От бастың да ойран салған отармен,
Қоштастың ба қорған таулар, жотаңмен?
О, Көк бөрі!
Неткен ұқас тағдырың
«Азаттық!» – деп түрмеде өлген атаммен.

«Век воли не выдать!» жазалаушы жарғоны.

Түнекте томар жастандық.
Астықта жүріп аш қалдық.
Ғасырлар кешпес жажап шақ.
Бодандықтан соң Бостандық!

Кең мекенімнен кертілдік.
Үш жүз бен ру, жершілдік.
Тағдырға енді мың тәубе,
Өр тірліктегі Еркіндік!
Тұранда тұрған қазақ – құт.
Оны да ойсыз, мазак ғып.
Арманы ата-бабамның,
Азаттан соңғы Азаттық!

Көмейде кермек болды өксік,
Көк туым көктен келді өстіп.
Көк бөрім қолдап көгерсін,
Өлместіктен соң Дербестік!

Айтармын қалай өлеңсіз,
Өр бар ма жыр мен әуенсіз.
Шынжырдан шыңға шырқаңыз.
Дәу елсіз енді Тәуелсіз!!!

СКАНВОРД

Тор көздегі сөзді тауып, қуалап,
Қайдан біткен бұл балаға туа бақ.
Дударбар ұл есін келіп шығарды,
Атасы бір қарап еді сығалап.

Шешетіні оның осы қунара.
– Күн құдайы, ата айтшы «Ра» ма?
– Күн дегенің көк тәңірдің көзі ғой,
Тәйт, теңтегім ондай затты сұрама!

Атасы отыр ойлы көзі сулана.
– «Май?» деді үл езу тартып қулана,
– «Қарында ма?» – деді атасы қамыға,
«Маргарин» деп жазып қойды қу бала.

Тапқан кезде ойлы көзін от шалар.
– «Тұран» дейді, көп нүктені тап шал, ал...
– «Ойпат» – деді ойланбай-ақ ақсақал,
– «Банк» – деп ап, баттытты кеп бәтшағар.
Ондай ойлар атасына келе ме?

– «Алла» деді арғы жағы немеңе?
– «Тағала!» деп тапжылмады қария,
«Пугачева» – деп жазады немеңе.

Тор көздегі сөзді тапса, қуанад.
Кітапсыз-ақ қайдан біткен туа бақ.
Намазына жығылды әзер қария,
Дінкелетті небір ойлар дуалап.

Ырысым да, шығысым – Ыстыбұлақ.
Сені жырлау мен үшін күшті мұрат.
Еңбек деген жер едің ел боп келген
Еңбектеген өзінде ерке бала.
Тербеп келген бесіңіз құшты жылап.

Шаңырақтау, Өгізтау, Қойтастарың
Бала кезден бойыма ой тастадың.
Бауырбұлақ, Шүмектен шырын жұтсам,
Ауыр бірақ шабытпен шайқасқаным.
Қауым жырақ өзіннен ойкастады.

Әрбір жерде әл іздеп бала қалды.
Шөберелер шарлап жүр қалаларды.
Сұрақ ұрған қоғаммен жүр қағысып,
Ұғар ұлдан не пайда ұрпақ үшін.
Дұға қылған далаңда мола қалды.

Күбірледім ішімнен, күмбірледім.
Кімге керек ойынмен, күлдіргенім.
Тау құмдағы тапқақтар кетті елеске.
Аузымдағы тәтті сөз көпке жетсе,
Бауырыңдағы сол балдай бүлдіргенім.

Естелікпен, елеспен, жаным – сағым.
Жарықтай ма?
Жырымен жалын – шағым.
Уайым кешкен ұлдарың тапты қанша?
Ойымды өпкен өлеңім ашы болса
Сайында өскен ол дағы сарымсағым.

Қалды ма екен қырыңда ізім бүгін.
Сұлұлыққа тартатын қызыл гүлің,
Ұшқындауы ол сенен жан жырымның,
Қышқылдауы болса егер қалжыңымның,
Күштің бәрі ол сенің қымзыдығың.

Сендей жерді іздедім, табылмадың.
Байқайсың ба,
Бал күнді сағынғаным.
Төзе білмей кемсендегі жай толғасам,
Кезегімде сырымды айта алмасам,
Өзеніңдей «Сырым» боп ағылғаным.

Кеттім бе екен жел сөздің жетегіне.
Кем кетігін көрсетші Көке міне?!
Қан қалғалы бойымда, ойымда сен!
Барғандары болса егер дұға қылсын
Малдандары Нұрбайдың мекеніне.

Ыстыбұлақ!
Ырысым – Ыстыбұлақ.
Жоғалғаның қинайды ішті бұрап.

FE – TEMIP

Периодтық тақтаны әлем біліп,
Химиядан кетіп ем дәмем құрып.
Менделеев марғасқан
білді ме екен?
Болатынын темірге тәуелділік.

Темір көрсен...
Боялған, дөңгелекті.
Аңсайсын-ау өмірден сен керекті.
Ит маржанды не қылсын?
Ал темір ғой...
Ол адамды, ал оны пенде жепті.

Сенбейсін бе?!
Неге деп сұрадың ба?
Араластың алдамшы ұлы ағынға.
Темір, өмір, не деген ұйқас еді.
Табылады ол қанның да құрамында.

Соның нәрі қуат боп таралады.
Гемоглабин!
Керегі бар ананың.
Ол болмаса бауырым екіталай,
Шыр етуі бір шикі шарананың.

Темір қақпа ашпады, ұрғылады!
Темір шүмек бұрасан, тұр бұлағың.
Ыржияды нән аға темір тісті,
Темір торда қаншама құрбыларым.

Темір табыт!
Шабытын майдан алған.
Елге жеткен қыршың жас, ойран арман.
Темір жүлдыз құлыптас төбесінде.
Темірден тұр сәулесіз жалған айлар.

Біреу жеңсе, ал біреу жеңіледі...
Тәні – ақсақ, ал жаны – Темір еді.
Темірболат, Теміржан, Темірландар,
Өз атына әлі де семіреді.

Темір шынжыр,
Ұлыды күшік көптен.
Еркіндігім келсе деп ұшып көктен.
Темір кісен, қолға емес, аяққа емес.
Сұп-суық боп санаға түсіп кеткен.

Сыңғырайды қалтамда темір тын.
Болмай тұр-ау тағы да көңіл күйім.
Теміртауда жалақы жақсы дейді.
Досқа хабар берейін, өмір қиын.

ҚҰРДАСТАРҒА

Жүрек-сырым,өмір-дерек,
Ниетті кім, нөмірдемек?!
Елге бірге еркелеген,
Енді бізге Елу келеді(i)!

Төңірекке төну бөлек,
Тәңір-көкке сенім де ерек...
Ертең осы кеш бола ма?
Ердің жасы Елу келеді(i)!

Жыр-жұрттыма, Елу келеді(i)!
Қыз-қырқынға көз үндемек...
Нұрын арнап, тұғырда аруақ,
Қызыр қолдап, Тәңір жебеп!

Жер ортасы Елу келеді(i)!
Сары-Арқасы небір желек.
Ертеңгі үміт, естеліктер...
Ерке-Еңілік, көңіл-Кебек.

Есептермен Елу келеді(i)!
Өсектерден өрілген от...
Ұғар ұрпақ, көп құрдас жоқ,
Дұға қылсақ со бір медет.

Көбейгенде өлу кенет,
Төмендемей көрін-демек.
Ортақ аста халал – харам...
Жанталасқан Елу келеді(i)!

Ұлықтасын тегін бөбек,
Ұмытпасын, келін демеп.
Ұлықбекше мың жасатып,
Ұлы істерде Елу келеді(i)!

Шам ұстатып, Елу келеді(i)!
Шабыт тасып, сері іздемек.
Жарқыраса, жаным құрбан,
Жер-жаһанда елім керек.

Сан жақсылар көмілген ед(i),
Салмақ-сыннан сөгілген ет...
Саған да өлең жаза алмасам,
Соларменен өлу жөн ед(i).

Келе бер деп көнуде енді,
Өлең-өрнек, өрім берді!
Төртін басы ту желбіреп,
Ердің жасы Елу келді!

ШЫНЫ

Өлеңдерім өмірімнен нәр алған.
Денем менің топырақтан жаралған.
Ерте, кеш пе кететіні белгілі
Қара жерге сінеді ертең бар арман.

Шыны әйнектен әлемге нұр тарайды.
Мөлдір қоршау сұлулыққа қолайлы.
Айналаға ойлана көз тастайсың,
Қимылыңды паш етуге жарайды.

Ол да құм ғой,
Күннің нұрын сүйеді.
Жарық түссе жылтырайды жиегі.
Мына өмірдің мұратына мұңайған,
Мүмкін ол да марқұмдардың сүйегі.

Ол да құм ғой,
Ғұмыр бітіп жер сүйді.
Жаны қайда, тәні мылқау мелшиді.
Жаңбырменен жағаласа жылайды
Іште жылу, сыртта суық тершиді.

Ол да құм ғой,
Жамандық пен жақсылық.
Ол жақта жоқ тағдырдағы тапшылық.
Қабырғада айнаға кеп тұр әне
Қабырғаңнан жаралған жан қас жұлып.

Амал-дәптер,
Оған қазір өлең тең.
Әйнек болып оралармыз мен өлсем.
Ерте, кеш пе барамыз деп бәрібір,
Құлап жатыр менің көңбіс көлеңкем.
Менің компас көлеңкем.

ЗООБАҚТАҒЫ МҮНДАСУ

Кеше сенің бабаларың көк бөрі,
Көк түріктің киесі еді көп-көрім.
Азығы оның арқар еді аймұйіз.
Иесі оның тәңір еді көктегі.

Кеше сен де абадан ең, арлан ең.
Көк шұлғаннан бөлтірік боп қалған ең.
Көкжал болып көпке қику салған ең,
Көп мергенге мызғу бермес арман ең.

Кеше сенің мекенің ед ку далам.
Ұлуыңнан ұйыған ел шулаған.
Табын көрсен көзіңді қан талаған,
Тырп еткізбей тайды бассаң тулаған.



Жеделхат

Алматы қаласы

Дариға ҚАСЫМҚЫЗЫНЫҢ отбасына

Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың аяулы қызы Дариға Қасымқызының өмірден өткені туралы қаралы хабар жетті.

Бұл – Қасым ақынның отбасы, Қарағанды жұртшылығы үшін ғана емес, барша қазақ әдебиеті үшін ауыр қаза.

Дариға Қасымқызы Аманжолова бар саналы ғұмырын ақынның асыл мұрасын жинақтауға, қасымтану саласының дамуына арнады. Оның тынымсыз ізденісінің арқасында Қасым Аманжоловтың бұрын ешқайда жарияланбаған қолжазбалары мен құнды құжаттары ғылыми айналымға еніп, қасымтануға орасан олжа салды. Әке аманатына адалдық танытып, рух жоқшысы бола білген аяулы Алаш қызының еңбегі ерек.

Өз атымын және барша қарағандылықтардың атынан ақынның әулетіне, Дариға Қасымқызының отбасына қайғысына ортақтасып, көңіл айтамын.

Алпайымдыздың мекені жұмақ, жаққаны шырақ болсын!

Е.БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі

Дариға жүрек тоқтады

Алатаудың баурайынан Арқаға жеткен қаралы хабар тағы еңсемізді түсірді. Ұлт руханияты қара жамылды. Қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі жазушы Дариға Қасымқызы Аманжолова 78 жасында фәни дүниеден мәңгілік сапарға аттанып кете барды.

Дариға Қасымқызы – 1946 жылы 4 қарашада Алматы қаласында дүниеге келген. Қазақ Мемлекеттік университетінің Филология факультетінің түлегі.

Қасым Аманжолов – қысқа ғана ғұмырында соңына мол мұра қалдырған аса көрнекті ақын. Оның асқақ рухқа толы өміршең жырларын сүйіп оқымайтын қазақ болмаса керек.

Мәрт мінезді күрескер ақынның мұрасына ие болып, жарияланбаған қолжазбаларын архивтерден іздеп тауып, оны жинап, жариялаған да да осы Дариға Қасымқызы еді. Ол өмірінің соңына дейін асыл әкеден қалған шығармашылық мұраларды көздің қарашығындай сақтады.

Дариға Қасымқызы отыз жылдан астам уақыт бойы Мемлекеттік кітап палатасында жемісті еңбек етті. Еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянған жоқ.

Әкесі Қасым Аманжоловтың әдебиеттегі соны ізін жалғастырып, прозалық шығармалар жазды. Сонымен қатар, музыкалық аспаптарда шебер ойнаған әнші, сазгер еді.

Дариға Қасымқызының әріптесі,

ақын-жазушылар қауымы да қайғыға ортақтасып, көңіл айтуда.

2021 жылы академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің «Қасымтану» жобасы аясында филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов бастаған делегация Алматы қаласындағы Дариға Қасымқызының үйіне арнайы барған еді.

Өйткені, сол жылы қазақ поэзиясының көгінде жасындай жарқырап өткен, жалынды жырлары ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра, қымбат қазына болып келе жатқан Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл тоlsa, тектінің тұяғы Дариға Қасымқызы 75 жасқа келген болатын.

Сол сапарда университет ректоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Нұрлан Дулатбековтің бастамасымен жарық көрген Дариға Аманжолованың «Повесть о кубинце» кітабының тұсауы кесілген.

Міне, осы сәулелі сәттердің барлығы жадымызда жаңғырып, сағынышқа айналып барады.

Қасым ақын күнделігінде қызы



Дариға туралы:

«Әлі жақсылап отыра алмайды. Бірақ еңбектегісі келгендей, етпетінен аударылып түсе береді. Бір нәрседен ұстап, тұрамын деп тырмысады» дей келе:

«Кімге тартқан?» деген сұраққа әлі толық жауап берілген жоқ. Көзі, маңдайы, бет-бейнесіне тартқан сияқты. Өзіндік дара бітімі де бар сияқты. Кенет шар етіп жылап оятып әдеті бар. Кенет жұбана да қояды. Жылауын бірте-бірте азайтып келеді. Ұзақ уақыт жыламай ойнап, мээ болып отыра да біледі. Ой ойлаған адамша томсырайып та отыратыны бар... Тегі, жаман адам болмас

деймін», – деп ағынан жарылған екен.

Иә, Дариға Қасымқызы әке үмітін ақтады. Өмірінің соңына дейін әке аманатына адалдығынан тайқынған жоқ. Сол биік қалпында өмірден өтті. Дариға жүрек тоқтаса да, соңында мол мұра қалды. Есіл жұртымен бірге асыл қасиеттерге оранған әкеге деген шексіз махаббат қалды...

Қазақ халқы барда жылы жүзіңіз бен халқыңыздың игілігі үшін еткен ерен еңбегіңіз ұмытылмақ емес!

Бақұл болыңыз, Дариға апай! Жаныңыз жаннатта, тәңізіңіз рахатта болғай!

Хош, Ақынның Музасы!

Ұлы ақын Қасымның қызы Дариға фәниден бақиға кетіп барады.

Соғыстан кейін қажып, жүдеген қазақ халқы Қасымның «Дариға, сол қыз!» әнімен жұбанып, бір жасап қалып еді. Бұл шығарма қазақ халқымен бірге жасасып, мәңгілікке кете береді.

Алдың пейіш, артың кеніш болғай!

Серік АКСҰҢҚАРУЛЫ

Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі қаламгер

Дариға Қасымқызы АМАНЖОЛОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі қаламгер

Дариға Қасымқызы АМАНЖОЛОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Ішкі саясат басқармасының ұжымы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі қаламгер

Дариға Қасымқызы АМАНЖОЛОВАНЫҢ қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі қаламгер **Дариға Қасымқызы АМАНЖОЛОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqrabat» медиахолдингінің ұжымы қазақтың дауылпаз ақыны Қасым Аманжоловтың қызы, белгілі қаламгер **Дариға Қасымқызы АМАНЖОЛОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• «ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ»

Мейірімдінің мерейі үстем

«Жыл еріктісі» халықаралық сыйлығының «Игі істер марафоны» жобасында «Ең мейірімді ауыл – 2024» номинациясын Нұра кенті жеңіп алды. Жеңімпаздар 60 түрлі санатта таңдалды, солардың ішіндегі бес ерекше аталымның бірі – «Ең мейірімді ауыл – 2024» номинациясы.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Жыл еріктісі» сыйлығының лауреаттары Астана қаласында жыл сайын дәстүрлі түрде марапатталады.

– Бұл – жоғары деңгейдегі байқау. Қатысушылардың бәрі жеңіске лайық. Мысалы, олардың арасында қан құюды қажет ететіндерге үнемі қан тапсыратын отбасы болды. Сол отбасының отағасымен қол алысып, оның батыр екенін айттым. Ал, ол маған: «Біз барлығымыз батырмыз!» деп жауап берді, – дейді Нұра ауданы Жастар ресурстық орталығының директоры және NuraAtasy еріктілер тобының жетекшісі Талғат Шолтаев.

Талғат Шолтаев осы күзде балшыққа батып бара жатқан жылқыны жалғыз өзі құтқарып, бүкіл елге кеңінен танымал болған. Сол сәттің бейнежазбасы желіге тез тарап кетті.

– Ол жылқыны қалай тартып шығарғанды, күшімнің қалай тасып кеткенін білмеймін. Содан кейін төрт күн тұра алмадым, белім қақсады. Бірақ, сыйлықты тек жылқыны құтқарғандым үшін берген жоқ. Біз үнемі волонтерлікпен айналысамыз. Қарқара-



лыдағы су тасқыны, өрт кезінде өзіміз шығып, жеке көмек көрсете алмасақ та, әрқашан гуманитарлық көмек жинап, жөнелтетін біз. Демешілерді белсенді түрде тартамыз, қарттар үйіне көмектесеміз. Сондай-ақ, жастарымызды, оның ішінде, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларын да жұмысқа тартып, қамқорлық танытатымыз, – дейді Талғат Шолтаев.

Сондай-ақ, «Игі істер марафоны» жобасы аясында Шахтинск еріктілері ареске қажеттіліктері бар балаларға арналған жыл сайынғы «Таңшолпан» фестивалін ұйымдастырғаны үшін «Инклюзия бағытындағы көшбасшы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды.

– Біздің еріктілер бірлестігі Мейіржан Шаяхметовтың «Қамқор-2007» бірлестігімен бірлесіп отырып, түрлі салаларда жұ-

мыс істейді, бірақ, ең көп көмек мүгедек балаларға беріледі, – деді Шахтинск Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Алексей Варзаев.

Шахтинск еріктілері балаларға ғана көмектесіп қоймай, зооолонтерлік және экоактивизммен айналысады.

Бұдан бөлек, «Зообақылау мәселелерін шешуге қосқан үлесі үшін» аталымы қарағандылық Ольга Королеваға, «Тарихи-мәдени мұраны сақтауға және дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы қарағандылық Айша Әзімбайға және «Қоршаған ортаны сақтауға және қорғауға қосқан үлесі үшін» аталымы Елена Варгановаға бұйырды.

Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан

• КӘСІПКЕРЛІК

Инвестиция игілікті еселейді

Аймақ өнеркәсібіне биыл бес жаңа кәсіпорын қосылды. Газ қазандықтарын шығаратын «Терма Бойлер», Теміртауда полимер бекіткіштерінің ампуласын шығаратын «ОКС Казахстан», «Sagan» индустриалдық аймағындағы полиэтилен құбырларын шығаратын «КарЗТФ», Абай мен Нұра аудандарында да ашылды жаңа кәсіпорын. Жыл соңына дейін тағы бес жоба іске қосылмақ. Облыстық өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Әлібек Молдакәрімовтің айтуынша, жаңа жобаларға тартылған инвестиция – 125 млрд теңге, жаңадан мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Он айды қорытындылаған Әлібек Молдакәрімов өндірісте өсім бар екенін атап өтті.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Осы кезеңде облыста 3,2 трлн теңге өнеркәсіптік өнім өндірілді. Бұл жалпы өңірлік өнімінің жартысынан астамын құрайды. Өткен жылдық кезеңімен салыстырғанда 11,3%-ға артық. Өнеркәсіптегі өңдеу секторының үлесі – 78%. Кәсіпорындар 2,5 трлн теңге өнім өндірді. Атап айтқанда, қара металлургияда 13,8%-ға, түсті металлургияда 7,5%-ға, машина жасауда 21,6%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде 27,5%-ға және фармацевтикада 34,6%-ға өсім бар, – деді ол.

«Qatmet» компаниясында жүргізілген модернизациялардың арқасында өткен жылмен салыстырғанда шойын өндірісі – 12,1%-ға, болат – 16,8%-ға, жалпақ прокат 18,6%-ға артқан. Іздеу жүйесі «Қазақстан» және Күзембаев атындағы шахтаға енгізілді. Аталған жүйе келер жылдың соңына дейін барлық шахталарға орнатылады деген жоспар бар. «Қазақмыс» корпорациясы» өндірісі де өскен. Өткен жылмен салыстырғанда өндірілген мыс 180,8 мың тоннаға көп.

– Аймаққа 850 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылды. Оның ішінде, өндіріске 333,6 млрд теңге, автокөлік жолдарының құрылысына 202,8 млрд теңге, құрылыс саласына 96 млрд теңге, тұрғын үй шаруашылығына 91,2 млрд теңге, білім саласына 35,9 млрд теңге, ауыл шаруашылығына 19,8 млрд теңге, денсаулық сақтауға 8,1 млрд теңге және басқа салаларға 60,7 млрд теңге, – деп атап өтті Әлібек Рысбайұлы.

Аймаққа тартылатын инвестициялық жобалардың дені ұзақ мерзімге бағдарланған.



Сурет аймақ әкімдерінен

Мұндағы негізгі мақсат – өнімділігі жоғары болатын экспортқа арналған өңдеуші өнеркәсіпін құру.

Металдарды терең өңдеу, жасыл энергетика, құрылыс индустриясы, машина жасау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру сияқты бағыттарды дамыту үшін инвесторларды тарту бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде.

– Облыста инвесторларға бизнес жүргізу үшін орасан зор минералды-шикізат базасы, қолайлы географиялық орналасу, дамыған логистикалық инфрақұрылым және инженерлік-кадрлық әлеует бар, – дейді ол. – Біздің тарапымыздан инвестициялық жобаларды қолдау бастапқы циклден бастап өндірісті толық іске қосуға дейін жасалады. Біздің мамандар құрылысқа рұқсат беру құжаттарын ресімдеуге, визалық қолдауға, сондай-ақ, инвестициялық келісімшарт жасасуды дайындауға жәрдем көрсетеді. Соңғы үш жылда 2 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Жыл қорытындысы бойынша 1 трлн теңге тарту жоспарланған.

Бұл мақсатта әлеуметтік инвесторлармен 30-дан астам кездесу ұйымдастырылды. Нәтижесінде аймақта «China Energy», «Yutong», «Artel», «IG Global» «Технониколь» сынды халықаралық компаниялар жұмысын бастағанын атап айту керек. Осы ретте арнайы экономикалық аймақтарды дамыту ерекше маңызға ие. Қазір «Са-

рыарқа» арнайы экономикалық аймағында 24 резидент тіркелген. Оның төртеуі биыл тіркелді. «Sagan» индустриалдық аймағының резиденттері 200 млрд теңге көлемінде инвестиция салды, 4 мың жаңа жұмыс орындары ашылды. Қазіргі уақытта онда құны 386,2 млрд теңге 9 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде, автокөлік дөңгелектерін шығаратын «Tengri Tyres», автобус шығаратын «Yutong» және тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics» сынды ірі кәсіпорындар бар.

Бұдан бөлек, облыс аумағында шағын өндірістік аймақтарды құру бойынша да жұмыстар жүріп жатыр. Спикердің айтуынша, бағдарлама операторы «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта бизнес субъектілеріне өндірістік үй-жайларды салуға немесе бар үй-жайларды қайта жанарту үшін 3%-бен жеңілдетілген несие береді.

– Бұрынғы машина жасау зауытының аймағында құрылған шағын өндірістік аймақ – бұл жобаның жарқын мысалы бола алады. Онда қазір құрылыс материалдарын, химиялық өнімдерді және машина жасауды өндіру бойынша 8 кәсіпорын мен 6 сауда объектісі орналасқан. Тағы үш осындай аймақтар құрылысы жүріп жатыр. Бұл мақсатқа 10 млрд теңге қарастырылған, – деді Әлібек Молдакәрімов.

Құттықтаймыз!



Еркіндік ауылының тумасы, ардақты әже, аяулы жар, сүйікті ата, құрметті әріптес **Айдос Ағымбайұлы А.ЛКЕЕВ!**

Сізді 9 желтоқсанда болатын мерейлі 50 жасқа толған күніңізбен құттықтаймыз! Сізге ғұмырлы да бақытты болыңыз, қажырлы еңбегіңіздің жемісін көріңіз, шәкірттер алғысына бөлене беріңіз деп тілек айтамыз.

Елу деген толы той мен думанға,
Тау секілді көрінеді тұлғаң да.
Құшақ-құшақ гүлін алып келеді,
Ақ көңілмен бауыр, туыс-туған да.
Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Ігі тілекпен: **Еркіндік жалпы білім беретін мектебінің ұжымы**

№447

Құттықтаймыз!



Еркіндік ауылының тұрғыны, аяулы жар, асыл ана, қадірлі әже, құрметті әріптес **Гүлісім Құрмашқызы ТӨЛЕУБАЕВА** 16 желтоқсанда 60 жастың асуына шыққалы отыр.

Деніңіз сау, отбасыңыз аман, ғұмырыңыз мәнді де сәнді болсын! Шаңырағыңыздан шаттық үзілмесін, еңбегіңіз жана берсін, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын таба берсін деген тілек айтамыз.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз!
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,
Арта берсін абырой-беделіңіз!

Жаныңыз жаз, шуақ сепкен жүрегіңіз,
Бір әулеттің ұйытқысы бір өзіңіз.
Ақылшы боп, ана боп, пана болып,
Жүзге жеткін осы біздің тілегіміз!

Ігі тілекпен: **Еркіндік жалпы білім беретін мектебінің ұжымы**

№448

1. «ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 8-(7212)-41-36-90 сенім телефоны қызмет етеді».

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44;
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаровка аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06.

2. «Қарағанды мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын Департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:30-ға дейін жұмыс тәртібімен 42-57-81 сенім телефоны қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы «terkom_kar@minfin.gov.kz».

д

Қарағанды Шинсервис ШИНАЛАР

ЖЕҢІЛ АВТОКӨЛІКТЕР ҮШІН •
ЖЕҢІЛ ЖҮК КӨЛІКТЕРІ ҮШІН •
ТРАКТОРЛАР ЖӘНЕ •
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ •
ТЕХНИКАЛАРЫ ҮШІН •
АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ҮШІН •

XBRI IUNK

Қарағанды қ., қойма: Асфальттық көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
☎ 8 707 80 35 800 @ shynservice

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!
«Банк ЦентрКредит» АҚ
кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/п №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Үш бөлмелі пәтер	Қарағанды обл., Қарағанды қ., Орлов к., 111 үй, 32 п.	Жалпы ауданы 62,8 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 48,6 ш.м., қабат 3(5) кадастрлық нөмірі: 09-142-174-082-1-32.	15 240 116 теңге	762 006 теңге	2024 жылғы 18 желтоқсан	12 сағ. 30 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатыла-

ды: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілетін күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды

обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика залогового имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Трехкомнатная квартира	Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Орлова, д. 111, кв. 32	Общая площадь 62,8 кв.м., в том числе жилая площадью 48,6 кв.м., этаж 3(5), кадастровый номер: 09-142-174-082-1-32.	15 240 116 теңге	762 006 теңге	18 декабря 2024 года	12 ч. 30 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Кара-

ганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдилова,

д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№321

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!
«Банк ЦентрКредит» АҚ
кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/п №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Екі бөлмелі пәтер	Қарағанды обл., Қарағанды қ., ш.а.13, 32 үй, 42 п.	Жалпы ауданы 45,9 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 33,0 ш.м., қабат 1(5) кадастрлық нөмірі: 09-142-027-053-1-42.	8 649 029 теңге	433 452 теңге	2024 жылғы 18 желтоқсан	12 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатыла-

ды: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілетін күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды

обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Калкенович Жундубаев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 524-48-96 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика залогового имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Двухкомнатная квартира	Қарагандинская область, г. Караганда, мкр. 13, д. 32, кв. 42	Общая площадь 45,9 кв.м., в том числе жилая площадью 33,0 кв.м., этаж 1(5), кадастровый номер: 09-142-027-053-1-42.	8 649 029 теңге	433 452 теңге	18 декабря 2024 года	12 ч. 00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Кара-

ганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдилова,

д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Жундубаев Канат Калкенович.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 524-48-96.

№322

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!
«Банк ЦентрКредит» АҚ
кепіл мүлкін сату бойынша ағылшын әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/п №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік 5% жарна	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1	Бір бөлмелі пәтер	Қарағанды обл., Теміртау қ., Бауыржан Момышұлы даңғ., 26/1 үй, 80 п.	Жалпы ауданы 32,5 ш.м. құрайтын, соның ішінде тұрғын ауданы 18,9 ш.м., қабат 5(5) кадастрлық нөмірі: 09-145-011-062-1-80.	5 464 550 теңге	273 227 теңге	2024 жылғы 20 желтоқсан	12 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құнның – 5%.
Қадамды ұлғайту – бастапқы құнның – 2%.

Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және келесі мекенжай бойынша сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатыла-

ды: Қарағанды обл., Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 5 үй, «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілетін күннен кейінгі бес банктік күн ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды

обл., Қарағанды қаласы, Н.Әбдіров даңғылы, 5 үй, 416 каб., «Банк ЦентрКредит» АҚ.

Сенім білдірілген тұлға – Ақылжан Сырлыбаевич Абдиқаримов.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (701) 464-70-60 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!
АО «БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
проводит торги по продаже залогового имущества по английскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика залогового имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1	Однокомнатная квартира	Қарагандинская область, г. Теміртау, ул. Б.Момышұлы, д26/1, кв. 80.	Общая площадь 32,5 кв.м., в том числе жилая площадью 18,9 кв.м., этаж 5(5), кадастровый номер: 09-1452-011-062-1-80.	5 464 550 теңге	273 227 теңге	20 декабря 2024 года	12 ч. 00 м.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимости.

Шаг повышения – 2% от стартовой стоимости.

Заявки на участие в аукционе принимаются со дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу: Карагандинская область, г. Кара-

ганда, ул. Алиханова 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по текущему курсу Национального Банка РК в течение пяти банковских дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – Карагандинская область, г. Караганда, пр. Н.Абдилова,

д. 5, каб. 416 в АО «Банк ЦентрКредит».

Доверенное лицо – Абдиқаримов Ақылжан Сырлыбаевич.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (701) 464-70-60.

№325

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Үміт сәулесі

Мүмкіндігі шектеулі жандарды ынталандырып, биіктерді бағындыруға жетелейтін даңқты парадзюдо шебері, Париж Олимпиадасында күміс еншілеген Ерғали Шамей туралы «Үміт сәулесі» фильмі енді тифлотүсініктеме арқылы тұрақты тамашалауға қолжетімді болады.

Осы уақытқа дейін елімізде зағип және нашар көретін азаматтарға арналған тифлотүсініктемелі фильмдер жоқ еді. Бұл тәжірибе шет мемлекеттерде жақсы дамығанын айта кету керек.

Жуырда осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапхананың басшысы Ғалым Нұрланов пен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Жұмағали Құрманбек тифлотүсініктемелі қазақстандық фильмдерді дайындау, заманауи экрандық мәдениетке баулу мақсатында өзара ынтымақтастық меморандумын бекітті.

Меморандум аясында «Қолжетімді кино» жобасы жүзеге асырылып, тифлотүсініктемелі фильмдер дайындалып, кітапхана-



ның ұйымдастыруымен ол фильмдер көрсетілімі өтеді. Ұсынылатын фильмдердің кезегінде Серік Сәниев туралы «Боксер» фильмі, құқық қорғау органдарының көзсіз ерлігін дәріптейтін «Бүркіт» фильмі тұр. Алдағы уақытта өзге де тифлотүсініктемелі фильмдер оқырмандарға жол тартатын болады.

Облыстық арнайы кітапхананың осындай алғашқы жобасы Ш.Айманов киностудиясымен бірлескен «Менің атым – Қожа» фильмі болатын. Біртуар жазушы Б.Сокпақбаевтың 100 жылдығы-

на орай және «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында осы фильм тифлотүсініктемесімен №1 арнайы мектеп-интернаттың көрсетілген болатын.

Қол қойылған екі жақты меморандум сол игі бастаманың сәтті жалғасы және мемлекетіміздің мүмкіндігі шектеулі жандарға деген қамқорлығын хәм қолдауы.

Айжан ИСИНА,
оқырмандарға қызмет
көрсету бөлімінің басшысы
Сурет
кітапханадан

• МУШӘЙРА

Үш бәйтерекке жыр арнады

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті қаламгер студенттерін баптап жатыр. Білім ордасы жыр құлагері Лияс Жансүгіров пен жыр сұңқары Сәкен Сейфуллиннің және қазақ прозасының классигі Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай «Үш бәйтерек – үш ғұмыр» атты жыр мүшәйрасын өткізді. Қарағандыдағы жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүшәйра мақсаты – жастарды рухани-адамгершілік тәрбиеге баулу, қазаққа қызмет еткен қайраткер тұлғалардың ерен еңбектерін дәріптеу, тіл мен тарихымызды, ұлттық мұрамыз бен елдік-ерлік құндылықтарымызды ұлықтау.

Мүшәйраға жалпы саны 18 студент қатысты. Осылардың арасынан 8 ақын ақтық сынға ірік-

телді. Ал, ақтық сында өлеңнің поэтикалық қуатына ғана емес, автордың оқу мәнеріне де баға берілді. Қазылар алқасының құрамына белгілі ақындар мен университет ұстаздары енді. Солардың бірі – ақын Эльмира Сайлауқызы. Ол жас ақындарға қамқорлық жасап, талантты өлеңінен танып, қолдау көрсетіп жүрген ақын.

– Түскен өлеңдерге барынша әділетті баға беруге тырыстық. Жалпы, өңірде әдебиетке, соның ішінде, өлеңге жаны құмар жастар

өте көп. Әрине, бұған көңіл қуанады. Келешекте бәрі өлең жазып кетпесе де, халқына қызмет ететін қайраткерге айналатынына сенемін. Алаштың «Үш бәйтерекіне» қалам тербеген студенттер үміт күтуге әбден болады. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті дәл осы мақсатта осындай шараларды жиі ұйымдастырады, – деді Эльмира Сайлауқызы.

Мүшәйра қорытындысы бойынша үш ақынға жүлделі орындар берді. Бесеуіне алғыс хат бұйырды. I-орын – Наурызбек Полатовқа, II-орын – Айым Айдынга, III-орын – Ерсултан Нұртайға берілді. Ақтық сынға шыққан және жүлде алғандарға қаржылай сыйлық табысталды.

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

«Kazfighter» Туы Түркістан төрінде

Тұранның төрі – Түркістанда жекпе-жектен Alash Pride 102 турнирі өтті. Ең жеңіл салмақтағы және жеңіліп көрмеген Alash Pride чемпионы Саламат Исбулаев чемпиондық атағын алғаш рет осы турнирде қорғап, шешен жауынгерін уақытынан бұрын жеңді. Ал, турнирдің ең жарқын жекпе-жегі қарағандылық «Kazfighter» жекпе-жек клубының жауынгері Кирилл Литвиненко мен жеңіліп көрмеген қырғыз спортшысы Шайдулла Курбанов арасында өтті.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, сайысқа түскен 26 жауынгердің тең жартысы – өзбек, қырғыз, тәжік пен шешен ұлтының азаматтары. Турнир бойынша өткен 13 жекпе-жектің барлығы да тартысты әрі жойқын соққыларымен жанкүйерлер назарын аударып білді. Оның бірі – аса ауыр салмақтағы жекпе-жек өзбек спортшысы Феруз Юсуфжанов пен астаналық Расул Хатаевтің жекпе-жегі. Қос жауынгердің салмағы ауыр болғандықтан олар сегізбұрышта көп тәжікелеспеді. Бәрін өзбек спортшысының аяққа ұмтылып қарсыласын парттерге құлатпақ болғанынан басталды. Бұл сәтті өз пайдасына асырған Расул Хатаев грэпплинг күресінің әдісімен қарсыласының арқасына өтіп, басынан жойқын соққылар

жасап, жекпе-жекті уақытынан бұрын аяқтады.

Ал, турнирдің жоғарыда айтылған ең жарқын көрінісі атанған қарағандылық Кирилл мен қырғыз жауынгері Шайдулланың сегіз бұрыштағы айқасы көптің есініде қалары сөзсіз. Сонымен, қырғыз жауынгері – бұған дейін үш жекпе-жек өткізіп, оның үшеуінде уақытынан бұрын аяқтап, жауырыны жер иысқемеген жауынгер. Кирилл де бұған дейінгі төрт кездесуінің бірде-бірінде қарсыласқа есе жібермеген еді. Алаңға шығысымен қос арыстанның көздегені – тек бір ғана соққымен кездесу тағдырын шешіп, белбеуге белдесер жол ашу. Жекпе-жек басталды. Қос жауынгер алаң ортасында арбасу керек еді. Алайда, екеуінің де арбасып, бірін-бірінің қапшысын таппаққа аялдар түрі жоқ. Алғаш



соққыларды қырғыз спортшысы жасап үлгерді. Бұл ретте Кириллдің қабырғасына өткен аяқпен жасалған хай кик соққысы болды. Дәл осы сәтте Кириллдің бұрышындағы бапкерлер мен секундардан «жиналып әрекет жаса» деген дауыстар шықты. Бұдан кейін сақ қимылдап жинақы

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сапында жаңа ойыншы

«Қарағанды қырандарының» қатары жаңа ойыншымен толықты. Қазақстанның екі дүркін чемпионы Кирилл Полохов енді «Сарыарқа» хоккей клубының қорғанысында ойнайды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кирилл Полохов биыл 26 жаста. Қарағанды хоккей клубының төл шәкірті. Енді қарағандылықтардың мақтанышына айналып «Сарыарқа» сапында өнер көрсетеді.

Теміртаулық «Қар барысы» клубында ойнаған. Бірнеше рет Қазақстанның жастар құрамасына шақырту алып, сәтті ойын көрсетке. 2018-2019 жылдардағы Қазақстан чемпионатының плей-офф кезеңдерінде «Барыс» командасының қатарында болды. Қабілетімен көзге түсіп, бапкердің сенімін ақтағаны үшін негізгі



құрамға енді. 2021-2022 жылдары «Сарыарқа» командасының сапында да плей-оффқа шыққан. Үш шайба соғып, екі ассист жасаған. Сол жылы Қазақстан чемпионы атанды. Бұлттығы маусымда көкше-

таулық «Арлан» хоккей командасында жасындай жарқырап, үздік нәтиже көрсеткен еді. Қазақстан чемпионатының алтын медалін де алды.

Сурет «Сарыарқа» хоккей клубының баспасөз қызметінен

• ЧЕМПИОНАТ

Жауынгер жерлестер жарады

Қарағандыда жекпе-жек спорты қарқынды дамып келеді. Жетістікке жетіп жатқан спортшылар қатары көбеюде. Екі жерлесіміз «Unifight» – әмбебап жекпе-жектен әлем чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Сонымен қатар, жерлестеріміздің қоржынында бір күміс және екі қола бар.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұқар жырау ауданының спортшысы Жасұлан Нұрболат және Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясының төртінші курс студенті Нұрасыл Қалиханов әлем чемпиондары атанды.

Жасұлан Нұрболат 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынасты. Әркімнің жүрегі дауалай бермейтін бұл спорт түрінен небәрі үш-ақ ай бұрын айналма бастапты. Сегіз жыл еркін күреске қатысқан.

– Unifight туралы жаттықтырушымыз айтты. Қызықтым. Өзімді осы спорт түрінен сынап көргім



келді. Еркін күрестің техникасы мен әдістері көп көмектесті. Менің ойымша, егер адам жекпе-жекке әуес болса, онда ол өзін Қарағанды сынап көруі тиіс, – деді спортшы.

Нұрасыл Қалиханов абсолютті салмақ дәрежесінде чемпион атанды.

85 келіге дейінгі санаттағы қола медальды Ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының

төртінші курс студенті Нұрбек Закарин қанжығалады.

Нұрасыл Қалиханов «Қорғаныс техникасы» бөлімінде абсолютті салмақ дәрежесінде алтын медаль тағанды. Осы бөлімде 85 келіге дейінгі салмақта Нұрбек Закарин үшінші орынды иеленді.

Unifight бойынша әлем чемпионаты Озбекстанда өтті. Оған әлемнің 17 елінен барлығы 500-ге жуық жауынгер қатысты.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯЧКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қаржаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВРУ0030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyq.kz@gmail.com; ortalyq.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyq.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 197

№ 138 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жан АМАНТАЙ